

«Бекітемін»

Мектеп директоры: *А.А. Дошаев.*

«30» тамыз



«Келісемін» *Нугыманова*
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: *Б. Нугыманова.*

***С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектептің
5 «А» сыныбына арналған біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша тәрбие жоспары***

Сынып жетекшісі: Жахина Айдана Саматовна

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- *1қыркүйек-Білім күні,сыны псағаттары*
- *5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл*
- *Қазақ әдебиетінің ХХғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)«Мектеп–мейірім мекені»</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	1.09
2	<i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Еріктілер ұйымын құру</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	4.09
3	<i>(«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы) «Мектеп–мейірбандық мекені»</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	11.09
4	<i>(«Еңбегі адал жас өрен») Адал ұрпақ – жан азығы/ Біздің қала,ауыл,аудан</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	18.09
5	<i>(«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы) Отбасы күніне арналған іс-шаралар</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	25.09
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	<i>(«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы) «Отбасы бақыт мекені»</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	12.09
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	<i>(«Төрт тоқсан-төрт өнер») «Менің отбасым - шығармашыл отбасы»</i>	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	27.09

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш әжұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,ғұлама ғалымМәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына165жыл
- Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақәдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына130жыл
- Қазақ халқының ХХғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыныТорайғыровтыңтуғанына130жыл
- Ақын,жазушы,көрнекті мемлекетжәнеқоғамқайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына130жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	(«Балалар кітапханасы» жобасы) «Бір отбасы – бір кітап»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	2.10
2	(«Оқулыққа құштар мектеп жобасы») «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	9.10
3	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) «Ұлы дала перзентімін» / Жол таңбаларының белгіленуі	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	16.10
4	(«Ғаламторқауіңсіздігі» жобасы) «Отбасылық дәстүрлер»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	23.10
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Төрт тоқсан-төрт өнер») Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	19.10

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) «Ұлы дала перзентімін»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	6.11
2	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) «Оян, ар мен адалдық»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	13.11
3	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	20.11
4	(«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	27.11
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Оқулыққа құштар мектеп жобасы») «Ұрпақ болашағы ұстаздан»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	22.11

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Бүгінгі күн ертеңгі тарих»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	4.12
2	(«Тогыз айға тоғыз шара» жобасы) «Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» / Жол реттеушісінің белгілері	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	11.12
3	(«Еңбегі адал жас өрен») «Тұғырың биік болсын, туған ел»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	25.12
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Еңбегі адал жас өрен») «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	13.12
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	(«Ата-аналар мектебі») «Таным. Тағылым. Тәрбие»	Сынып сағатының жоспары	Ата-ана	20.12

ҚАҢТАР– «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Туған өлке ақындарының шығармалары	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	8.01
2	(«Оқуға құштар мектеп» жобасы) «Парасаттылық туралы»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	15.01
3	(«Еңбегі адал жас өрен») «Мейірімділік құндылығы»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	22.01
4	(«Еңбегі адал жас өрен») «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	29.01
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Ұлттық мектеп лига жобасы») «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	17.01
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	(«Ата-аналар мектебі») «Ата-ана өмірінің жобасы-бақытты адам»	Сынып сағатының жоспары	Ата- ана	24.01

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<i>(«Балалар кітапханасы» жобасы)</i> «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	5.02
2	<i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i> «Тарихқа тағзым»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	12.02
3	<i>(«Еңбегі адал жас өрен»)</i> «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	19.02
4	<i>(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)</i> «Отаншылдық және оның мәні»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	26.02
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	<i>(«Төрт тоқсан-төрт өнер»)</i> «Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	28.02

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

- 1 наурыз – Алғысайту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	(«Еңбегі ерен жасөрен» жобасы) «Үміт сәулесі» акция	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	4.03
2.	(Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) «Таным. Тағылым. Тәрбие»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	11.03
3	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	Сынып сағатының жоспары	Ата-ана	18.03
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Балалар кітапханасы» жобасы) «Мың алғыс»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	13.03

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) «Достық-көмекпен мықты»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	1.04
2.	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	8.04
3.	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Ұлттық киім- ұрпаққа мұра»	Сынып сағатының жоспары	Ата-ана	15.04
4.	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Аталардың сара жолы»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	22.04
5	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	Сынып сағатының жоспары	Ата-ана	29.04
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Еңбегі адал жас өрен») «Табиғат тамашалары»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	18.04
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Менің әкем-жақсы адам»	Сынып сағатының жоспары	Әкелер оқушылар	24.04

МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9мамыр-Жеңіс күні
- 31мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Ұстазға алғыс»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	6.05
2.	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	13.05
3.	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Жеңіс деген шат күлкісі баланың»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	20.05
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) «Сөз қадірі-өз қадірің»	Сынып сағатының жоспары	5 «А» - сынып	8.05
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) «Халықаралық отбасы күні» Денсаулық FEST (Эстафеталық ойындар)	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар	15.05